ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 73 (3900)
29 қыркүйек 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚСТАН ӘСКЕРІ: ҚАСИЕТТІ БОРЫШ ҚАСІРЕТТІ ЖОҚТАУҒА ҰЛАСПАСЫН!



Маңғыстау облысында әскери оқу-жаттығу кезінде 14 сарбаз ажал құшты. Бүкіл елдің қабырғасын қайыстырған қаза Қазақстан әскерінде қордаланған көп мәселенің бетін ашты. Қазір халық Қазақстан әскеріндегі қалыптасқан жүйенің ескіргенін, замана көшіне ілесе алмай отырғанын, қазақ әскерінің жаңа образы мен имиджі, ең бастысы қауіпсіздігі мен беделі, шынайы келбеті қалай болу керек екенін қызу талқылауда.

(Жалғасы 3-бетте)

ЛЕБІЗ

ҚАРИЯЛАР ҚОҒАМ ҚҰРМЕТІНЕ ЛАЙЫҚ

Құрметті әріптестер, қадірменді оқырмандар!

Қазақстан Республикасының Судьялар одағының атынан барша қарияларымызды 1 қазан – Қарттар күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл мереке – өмір жолы өнегеге толы аға буын өкілдеріне деген құрмет пен ілтипатты білдіретін, олардың ел мен қоғам алдындағы еңбегін бағалайтын тағылымды күн. Қарттар күні – үлкенді сыйлау, ақылын тыңдау, өмірлік тәжірибесін бағалау және ұрпақтар сабақтастығын дәріптеу сияқты халқымыздың ежелден қалыптасқан асыл дәстүрлерін айшықтайтын ерекше мереке.



Досжан ӘМІР,
ҚР Судьялар одағының төрағасы

Халықаралық қарттар күні Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1990 жылғы 14 желтоқсандағы қарарымен белгіленіп, алғаш рет 1991 жылғы 1 қазанда аталып өтті. Содан бері бұл күн әлемнің көптеген елінде аға буын өкілдеріне құрмет көрсету, олардың қоғамдағы рөлін айқындау, әлеуметтік әл-ауқатына назар аудару және ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында атап өтіліп келеді. Қазақстанда да бұл күн жыл сайын кеңінен аталып, қарттарға құрмет көрсету мен қамқорлық танытудың маңызды дәстүріне айналды.

Қазақ халқы қашанда жасы үлкенді құрметтеп, ақсақалдың батасын, ақ жаулықты ананың ақылын өмірлік бағдар еткен. «Қариясы бар елдің – қазынасы бар» деген халқымыздың даналық сөзі аға буынның қоғамдағы айрықша орнын дәл көрсетеді. Өйткені қарттық – адамның өмір жолындағы саналы ғұмырының қорытындысы ғана емес, кейінгі ұрпаққа қалдырар өнегесі мен тағылымы мол кезең.

(Жалғасы 2-бетте)

ТҮЙТКІЛ

Бас прокуратура ұсынған ресми статистика көрсеткішіне сай Қазақстан соттарының үкімімен соңғы 5 жылда есірткі қылмысына қатысты 5 000-нан астам азамат сотталған. Ал биылғы жылдың алты айында 2 000-ға жуық қылмыстық іс анықталып, тергеу амалдары жүргізілген.

ЕСІРТКІГЕ ӘУЕС БОЛУДЫҢ СОҢЫ – ҚҰРДЫМ

Соның ішінде ең көп кездесетіні есірткі сату және таратуға қатысты жауаптылықты белгілейтін Қылмыстық кодекстің 297-бабына сай қаралған. Яғни, төрелік алаңында ісі қаралатындардың басым бөлігін есірткі сатқандар мен есірткі курьерлері («закладчик») құрайды.

Бұған қоса оңай табыс көзі ретінде граффити, QR-кодтар мен әлеуметтік желілердегі жарнама жасауды кәсіп еткен жастардың Қылмыстық кодекстің 299-1-бабымен жауапқа тартылуы жиілеген. Әсіресе, жастардың есірткі заттарын тұтынуға, есірткі заттарын сату арқылы жеңіл табыс табуға деген қызығушылығының өскені алаңдатады. Тек биылғы жылдың өзінде елімізде есірткі қылмысы үшін 69 жасөспірім ұсталған. Оның 40-ы есірткі өткізгені, 27-сі аса ірі мөлшерде сақтағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған. Бұл баршамызды ойландыратын статистика.

Жалпы, есірткіге үйір болудың, есірткі сату арқылы табыс табудың соңы – құрдым. Есірткі қылмысы тек бір адамның ғана емес, оның бүкіл жақындарының өміріне теріс әсер етеді. Олай болатыны, есірткі заттарын сатып алуға аз қаржы кетпейді. Ал есірткіге тәуелді адамның өз өмірін құртқаны аздай, кезекті дозаны табу үшін жақындарының ақшасын ұрлайтыны, күмәнді топтарға қосылып қылмыс жасайтыны жасырын емес.

Соңғы жылдары синтетикалық есірткіні тұтыну, сатумен байланысты қылмыстар да көбейді. Жыл сайын ел аумағында жасырын есірткі зертханаларын жауып, ұйымдастырушылар ауыр жазаға тартылып жатқанымен, оңай табысқа үйір жандар азаймай отыр. Сондықтан, есірткіге байланысты қылмысқа тосқауыл қою тек заң шеңберінде жаза белгілеумен шектелмеуі керек.

Есірткі қылмысын және оның таралуын шектеу кешенді шараларды, жүйелі ұйымдастыру жұмыстарын қажет етеді. Бұл іске сот, құқық қорғау органдары ғана емес, бүкіл қоғам, білім беру саласы мен әрбір отбасы атсалысқаны жөн. Отбасындағы мықты тәрбие – қиыс кетуден сақтаса, білім беру саласындағы бақылау – жастардың күмәнді топтарға қосылмауына, дұрыс бағдар алуына көмектеседі.

(Жалғасы 2-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Батыржан СЕЙДОМАР, *Аңшылар мен балықшылардың «Аяла» ұлттық палатасының атқарушы директоры:*

«АҢШЫЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТҚАН ЖӨН»

– Аңшы десе алдынан кезіккен аңды оңды-солды ата беретін, жан-жануарларға мейірімсіз, қатігез адам елестейді. Олар үшін аңшы аң атуға рұқсаты бар адам да, броконьер рұқсатсыз аң аулайтын адам. Бұл шынында да солай ма?

– Атқан аңы мен құсын айыра алмайтындар аңшы емес, броконьерлер. Адамдар көбінесе қолына мылтық ұстағанның бәрін аңшы дейді. Бұл дұрыс емес. Олардың ішінде броконьерлер көп. Мұндайлар балықшылар арасында да бар. Аңшылықтың өз маусымы болады. Көктемдегі аңшылық маусымы 15 күндік. Ең үлкені күзгі маусымда болады. Аңшылар тек рұқсат берілген құс пен аңға шығады. Қызыл кітапқа енген құстарға ешқашан тиіспейді. Ал кез келген құс пен аңды талғамай ата беретіндер аңшы емес.

– Броконьерлікке қарсы заңның қатайтылуын аңшылар қалай қабылдады? Өйткені ұшу бағыты мен тіршілігін анықтау мақсатында зерттеушілер тарапынан сақина салынған құстарды атып алу жағдайы кездесуі де мүмкін ғой?

– Заң қатайтылған соң ең бастысы бәрінде қорқу басталды. Аңшылар да сақинасы бар құс атқан жағдайда айыппұл мен жазадан қорқады. Палатаның ұсынысы бойынша Қазақстан аңшылары мен балықшыларының манифесін енгіздік. Бұл аңшының кодексі. Өкінішке қарай біздегі аңшылық мәдениеті 1990 жылдары жоғалды. Біз соны қайта жаңғыртып жатырмыз. Қазір киік, жабайы өзге де жануарларды аулауда түрлі мәселе бар. Бұрынғы бабаларымыз табиғат санитары болды деуге болады. Орта ғасыда көктем мезгілінде үйдің малы жайлауға кеткенде бабалар күзге дейін аң аулаған.

– Кәсіби аңшы деген кім?

– Бізде жалпы кәсіби аңшылық деген жоқ. Кеңес дәуірінде өнеркәсіптік аулау деген болды. Оған 1980 жылдардың ортасында заң қабылдау арқылы тыйым салынып, тоқтатылды. Заңмен тыйым салынған соң 1990 жылдары



броконьерлік көбейді. Бізде өнеркәсіптік аңшылық жоқ. Оны кезінде киікті аулау үшін ғана енгізген. Алайда бір қызығы заң өзгергенмен, киік өсудің орнына азайды. Тек соңғы жылдары ғана оның басы қайта өсуде. Әйтсе де, қазіргі киік аулауды сұмдық жағдай деуге болады. Өйткені жүйе жоқ. Сол себепті біз құзырлы министрлікпен, заң шығарушы билік органымен осы мәселе бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Экология министрлігінде саны өскен киікті реттеу үшін оны қалай аулау керек дегенге нақты жүйе ойластырылмаған.

(Жалғасы 5-бетте)

Өзгерістерен

ТАЛАП

СӨЗДЕН ІСКЕ КӨШЕТІН КЕЗ КЕЛДІ



Тіл – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасы, ұлттық болмысының айнасы. Ана тілі арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүр, тарих, дүниетаным мен т.б. ұлттық құндылықтар жетеді. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру – белгілі бір саланың ғана міндеті емес, ел болашағына ортақ жауапкершілік.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Оның мемлекеттік мәртебесі еліміздің Конституциясында бекітілген. Бұл – қазақ тілінің қоғамдық өмірдегі, мемлекеттік басқару мен құқықтық жүйедегі айрықша орнын айқындайтын маңызды конституциялық норма.

Мен сот саласының маманы ретінде мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі маңызын, ең алдымен, әділет ұғымымен байланыстырамын. Өйткені, сот – адамның құқығы мен бостандығы қорғалатын, заң мен азаматтың мүддесі тоғысатын басты орта. Ал әділдік халыққа түсінікті тілде жеткізілгенде ғана өзінің толық мәнін табады.

Сот төрелігін жүзеге асыру барысында тілдің орны айрықша. Азаматтың сотқа жүгінуі, өз уәжін білдіруі, іс материалдарымен танысуы, сот актісінің мазмұнын түсінуі – мұның бәрі құқықтық сауаттылықпен қатар, тілдік қолжетімділікке де тікелей байланысты. Сондықтан сот жүйесінде мемлекеттік тілді сапалы әрі сауатты қолдану – мемлекеттік тіл саясатының ғана емес, азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етудің де маңызды тетігі.

Құқық саласында сөздің салмағы ерекше. Қарапайым тұрмыстық қарым-қатынаста белгілі бір сөздің мағынасы контекст арқылы түсінікті болуы мүмкін. Ал заң тілінде әрбір терминнің нақты құқықтық мәні бар. Бір ұғымды дұрыс қолданбау немесе ойды дәл жеткізбеу құқықтық құжаттың мазмұнына әсер етуі ықтимал. Осы себепті сот маманы үшін қазақ тілін жетік меңгеру – кәсіби біліктіліктің маңызды құрамдас бөлігі.

Мемлекеттік тілде сауатты жазылған сот актісі – жай ғана құжат емес. Ол азаматқа мемлекет ұстанымын түсіндіретін, оның құқықтары мен міндеттерін айқындайтын құқықтық құрал. Сондықтан сот құжаттарының тілі бір мезгілде заң талаптарына сай дәл, мазмұнды әрі азаматқа түсінікті болуы қажет.

Бұл ретте мемлекеттік тілдің дамуы тек іс қағаздарын қазақ тіліне аударумен шектелмеуге тиіс. Тілді шынайы дамыту – оны күнделікті кәсіби ортада табиғи түрде қолданудан басталады. Қазақ тілінде еркін ойлау, пікір алмасу, құқықтық терминдерді дұрыс пайдалану, азаматтармен мемлекеттік тілде сапалы коммуникация орнату – тілдің өміршеңдігін арттыратын нақты қадамдар.

Сот саласында қызмет ететін әрбір маманның алдында үлкен жауапкершілік тұр. Себебі, сотқа келген азамат үшін сот қызметкері – мемлекеттің бейнесін көрсететін тұлғалардың бірі. Оның сөзі, қарым-қатынасы, құжаттарды әзірлеу мәдениеті азаматтың мемлекеттік институттарға деген көзқарасына әсер етеді. Ал азаматқа өз ана тілінде немесе мемлекеттік тілде түсінікті әрі құрметпен жауап беру – кәсіби әдептің де, адамгершіліктің де белгісі.

Қазақ тілінің құқық саласындағы қолданысын кеңейту үшін тек талап пен міндет жеткіліксіз. Бұл бағытта сапаға, кәсіби шеберлікке және тілге деген ішкі құрметке басымдық берілуі керек. Әр маман өз қызметінде қазақ тілін неғұрлым сапалы қолданған сайын, мемлекеттік тілдің беделі де соғұрлым нығая түседі.

Мемлекеттік тіл – бірлікті бөлетін емес, елді біріктіретін құндылық. Қазақ тілінің мәртебесін көтеру өзге тілдердің дамуына кедергі келтірмейді. Керісінше, мемлекеттік тілге деген құрмет қоғамдағы өзара сыйластық пен ортақ азаматтық жауапкершілікті күшейтеді.

Бүгінгі таңда қазақ тілін дамыту – тек мемлекеттік саясаттың бағыты емес, әр азаматтың ел болашағына қосқан үлесі. Әсіресе, мемлекеттік қызметте жүрген мамандардың бұл үдерістегі орны ерекше. Себебі, мемлекеттік тілдің тағдыры ең алдымен оның заң мен мемлекеттік басқару жүйесінде қаншалықты сапалы қолданылатынына байланысты.

Әділет пен заң үстемдігі – мемлекеттің берік негізі болса, мемлекеттік тіл – сол мемлекеттің ұлттық болмысын айқындайтын басты құндылықтардың бірі. Сондықтан қазақ тілінің сот жүйесінде кең әрі сапалы қолданылуы – тілге деген құрмет қана емес, азаматқа, заңға және мемлекетке деген құрмет.

Мемлекеттік тілдің болашағы – оны қаншалықты жиі талап ететінімізде емес, оны қаншалықты сапалы қолданатынымызда. Әр маман өз саласында қазақ тілін кәсіби деңгейде қолдануға ұмтылса, мемлекеттік тілдің мәртебесі де сөз жүзінде емес, нақты іспен нығаяды.

Салтанат МАХАМБЕТОВА,
Ақтөбе қалалық
сотының жетекші маманы

ТАРАТУ

2. «Юридическая фирма «GRASSA» ЖШС (БСН 180140024283) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 17-ғимарат.

3. «Intisar ltd» ЖШС (БСН 170840036914) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Брусиловский көшесі, 167-үй, 471-пәтер.

5. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Алтынсарин ауданы білім бөлімінің Приозерный негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 970240002162) (Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, 110108, Приозерный ауылы, Школьная көшесі, 15-ғимарат), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Мира көшесі, 3-ғимарат. Тел. 8 71445 3 41 72.

6. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Алтынсарин ауданы білім бөлімінің Воробьев бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 021040002567) (Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, 110111, Воробьевка ауылы, Школьная көшесі, 7-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Алтынсарин ауданы, Обаған ауылы, Мира көшесі, 3-ғимарат. Тел. 8 71445 3 41 72.

7. «Nomad Architects» ЖШС (БСН 190940024492) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Бірлік шағынауданы, 6-үй, 6-пәтер. Тел. 8 707 942 71 11.

8. «Quarth and partners» ЖШС (БСН 140240019818) (ҚР, Алматы облысы, Талғар ауданы, Талғар қаласы, О. Нұртазин көшесі, 16-үй, 20-пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050010, ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Көк-Төбе шағынауданы, Т. Бигелдинов көшесі, 1Б үй, 2-корпус, 9-пәтер. Тел. 8 701 777 18 07.

9. «Azia Құрылыс» ЖШС (БСН 121040021891) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, 021700, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Оқжетпес көшесі, 172-ғимарат. Тел. 8 747 752 07 39.

11. «Айболат К.Ш» ЖШС (БСН 210240019040) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Түркістан облысы, Келес ауданы, Жамбыл ауылдық округі, Бекбота елді мекені, Ж.Жабаев көшесі, №16-үй, тел. +77713884613.

12. «KazEnergy» қоғамдық қоры (БСН 060340014080) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 17, Б блогы, индекс 010000.

13. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Казталов ауданының білім беру бөлімінің «Жадыра» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 010640002722) Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2026 жылғы 17 қыркүйектегі № 231 қаулысы негізінде таратылды. Талап арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Ш.Шарафутдинова көшесі, 3. Байланыс нөмірі: 87114431630.

ӘРТҮРЛІ

14. «Іле корпорациясы» ЖШС (БСН 040740001238) жарғылық капиталының азайтылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 115-үй.

15. «FlagmanPay» ЖШС (БСН 220640044701) өзінің атауы «Flagman LTD» ЖШС болып өзгертілгенін, сондай-ақ жарғылық капиталын 150 000 000 (жүз елу миллион) теңгеге азайтып, 10 000 (он мың) теңгеге дейін төмендететінін хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Жароков көшесі, 271А, 3-қабат.

16. «JA Collection Company» ЖШС (БСН 120940009852) өзінің жарғылық капиталының 8 780 168 700 теңгеге дейін азайтылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 565-үй, 8-пәтер.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК

4. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Сыздықов көшесі, №69 үйде тұрған, 2026 жылдың 1-сәуірінде қайтыс болған аз. Азанбек Зейнепханның артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Н.Ж. Кайнарбековаға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көшесі, №81А. Тел. 8 72776 2 40 64.

БАНКРОТТЫҚ

17. «ММХ Барлау» ЖШС (БСН 221040020408) өзін банкрот деп жариялайды және бір ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша барлық талап-арыздарды қабылдайды: ҚР, Шымкент қаласы, Тұран ауданы, Түркістан шағын ауданы (БАМ), Жанқожа батыр көшесі, 58/1, тел. +7 701 900 61 83, +7 777 900 61 83; электрондық пошта: halik-61@mail.ru.

10. «Ақтөбе облыстық судьялар корпусы мен Судьялар одағының Ақтөбе облысы бойынша филиалы Әкімшілік істер жөніндегі кассациялық сотының судьясы Ербол Буратұлы Тулеевке әкесі

Тулеев Бураттың

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтоқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/ WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.